

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 15 қаңтар N 280-II

1-бап. "Мемлекеттік статистика туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Z970098_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 91-күжат; 2001 ж., N 4, 23-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Заңның бүкіл мәтіні бойынша:

"статистикалық жұмыстардың жоспары", "статистикалық жұмыстар жоспарын", "статистикалық жұмыстар жоспарында", "статистикалық жұмыстар жоспарына", "статистикалық жұмыстар жоспарларына" деген сөздердегі "статистикалық" деген сөз бас әріппен жазылсын;

қазақша мәтін өзгеріссіз қалдырылсын;

"орталық атқарушы", "өзге де орталық атқарушы" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік" деген сөзben ауыстырылсын;

"занды және жеке" деген сөздер "жеке және занды" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1 және 2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңның күші жеке тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының занды тұлғаларына, өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын занды тұлғалардың-резидент еместердің филиалдары мен өкілдіктеріне (бұдан әрі - занды тұлғалар) қолданылады.

Осы Заң Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық (бұдан әрі - әлеуметтік-экономикалық) салаларында болып жатқан құбылыстар мен процестер туралы статистикалық деректер жинаудың, өндеудің және таратудың негізгі принциптерін айқындайды.

2-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

ведомствоның статистикалық байқаулар - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүргізетін байқаулар;

мемлекеттік статистика - мемлекеттік статистика органдары қалыптастыратын бірынғай статистикалық ақпарат жүйесі;

мемлекеттік статистикалық есептілік - жалпы мемлекеттік және ведомствоның

статистикалық байқаулар, бұл орайда жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері хабарланатын мәліметтердің берілуі мен дұрыстығына жауапты адамдар қол қойған есептерді мемлекеттік статистика органдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ұсынады;

статистикалық байқау - әлеуметтік-экономикалық өмірдің құбылыстары мен процестері туралы деректерді алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша тіркеу арқылы жоспарлы түрде, ғылыми ұйымдастырып жинау. Мемлекеттік статистикалық байқаулар жалпыменлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулардан тұрады;

жалпыменлекеттік статистикалық байқаулар - уәкілетті орган жүргізетін байқаулар;

бастапқы статистикалық ақпарат - статистикалық байқау жүргізілген кезде мемлекеттік статистика органдарына статистикалық мақсаттарда пайдалану үшін табыс етілген нақты жеке тұлға, заңды тұлға және оның құрылымдық бөлімшесі туралы деректер;

Статистикалық жұмыстар жоспары - Мемлекеттік статистиканы жетілдіру бағдарламасы негізінде әзірленіп, уәкілетті орган ұйымдастыратын мемлекеттік статистикалық байқаулар мен басқа да статистикалық жұмыстардың толық тізбесі;

статистикалық байқау бағдарламасы - байқау жүргізудің мақсаты мен міндеттері, деректер жинау жүзеге асырылатын көрсеткіштердің (сұрақтардың) тізбесі, нысан, сұрақтама, сауалдама, санақ парагы, есепке алу мөрқағазы және басқа (бұдан әрі - статистикалық нысандар) түрінде ұсынылған, оларды есептеп шығарудың әдістемесі және статистикалық байқау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар;

тарату - құпия болып табылмайтын статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың, осы ақпаратты пайдалану нысандары мен құралдарына қарамастан, оған қол жеткізуін қамтамасыз ету;

арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқаулар - жалпыменлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар, бұл ретте бастапқы статистикалық ақпаратты жинау есептер негізінде емес, басқа тәсілдермен жүзеге асырылады. Бастапқы статистикалық ақпаратты жинау тәсілі бойынша сауалдамалық, декларациялық, корреспонденттік және инспекциялық байқаулар, есепке алу санақ жүргізу болып бөлінеді;

статистикалық қызмет - қоғамдағы бұқаралық сипаты бар құбылыстардың сандық деректерін статистикалық стандарттар негізінде жинауға, өндеуге және таратуға байланысты қызмет;

мемлекеттік статистикалық байқаулардың типтері - мемлекеттік статистикалық есептілік және арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқаулар;

уәкілетті орган - мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын, өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын орталық атқарушы орган.".

3. З-бапта:

1) үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының статистика саласындағы мемлекеттік саясаты әдіснамалық тұтастық және орталықтандыру принциптеріне құрылады. Үәкілетті орган мемлекеттік органдардың статистикалық қызметін үйлестіруді жүзеге асырады және мемлекеттік статистикалық байқаулар жүйесінде жетекші орын алады. Үәкілетті органға қарағанда мемлекеттік органдар неғұрлым дұрыс статистикалық көрсеткіштерді әзірлеуді қамтамасыз ететін болған жағдайда, мемлекеттік органдар статистикалық байқаулар өткізеді.

Заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда жеке тұлғалардың бастапқы статистикалық ақпаратты ұсынуы міндетті болып табылады және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.";

2) мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік статистикалық байқаулардың жалпы санын Қазақстан Республикасының Үкіметі Статистикалық жұмыстар жоспары мен жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік нысандарының тізбелерін бекіту арқылы бақылайды. Үәкілетті орган мен басқа да мемлекеттік органдар мемлекеттік статистикалық есептілік жинауды жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік нысандарының бекітілген тізбесі шегінде жүзеге асырады."

4. 5-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігінде "статистика" деген сөздің алдынан "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын.

5. 6-бапта:

1) тақырыптағы "Статистика" деген сөз кіші әріппен жазылып, алдынан "Мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

2) баптың мәтінінде "ұйымдар арасындағы" деген сөздерден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын, "заңдарда белгіленген тәртіппен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 8-бапта:

1) бірінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Статистикалық есеп жүргізуінде әдіснамасы мен әдістемесі мәселелерінде тәуелсіз болады, өзінің аумақтық бөлімшелеріне басшылық жасауды жүзеге асырады, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін үйлестіреді.";

2) үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Үәкілетті органның статистиканы ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда жеке тұлғалар үшін, сондай-ақ заңды тұлғалар үшін міндетті.";

3) төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"статистикалық байқаулар бағдарламаларын бекіту негізінде мемлекеттік

органдардың статистикалық қызметін үйлестіреді;" ;

4) төртінші бөліктің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік статистика мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығарады.".

7. 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Мемлекеттік статистикалық тіркелім

Мемлекеттік статистикалық тіркелім статистикалық есеп жүргізудің құралы болып табылады және онда статистикалық есеппен қамтылған барлық жеке және заңды тұлғалар туралы қысқаша әкімшілік және экономикалық ақпарат болады. Оны жүргізуді халықаралық стандарттарға сәйкес уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Жеке және заңды тұлғалар туралы тіркелімдер мен ақпараттық деректер базаларын жасайтын және жүргізетін мемлекеттік органдар мен олардың бағынысындағы ұйымдар мемлекеттік статистика органдарына бірыңғай Мемлекеттік статистикалық тіркелімді қалыптастыруға және оған көкейкесті сипат беруге қажетті ақпаратты тегін береді.".

8. Мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

"9-1-бап. Елді мекендерде әр шаруашылық бойынша есеп жүргізу

Әр шаруашылық бойынша есеп жүргізу ауылдық жерлерде тұратын жеке тұлғаларды, сондай-ақ тұратын жеріне қарамастан жеке үй (қосалқы) шаруашылығы бар жеке тұлғаларды мемлекеттік статистикалық байқау болып табылады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі әр шаруашылық бойынша кітаптарға тіркеу жазбаларын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражат есебінен жүргізуді ұйымдастырады.

Үәкілетті орган әр шаруашылық бойынша есеп жүргізуді әдіснамалық тұрғыдан басқаруды жүзеге асырады және осы есептің деректерін тиісті статистикалық көрсеткіштер түзу үшін пайдаланады.".

9. 10-бапта:

1) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген мөлшерде және мерзімдерде заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінен шынайы мемлекеттік статистикалық есеп-қисапты тегін алуға;";

2) мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"мемлекеттік статистикалық байқаулар бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге;

Мемлекеттік статистикалық тіркелім жүргізу үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдар қалыптастыратын жиынтық статистикалық деректерді қайталамайтын статистикалық деректерді түзу үшін мемлекеттік органдардан бастапқы статистикалық ақпаратты, сондай-ақ орындайтын функцияларына қарай оларда болатын басқа да ақпаратты алуға

;

жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды бастапқы және статистикалық есепке қою ісін бақылауды жүзеге асыруға;

мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жекелеген статистикалық жұмыстар жүргізуді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаржыландыруды жүзеге асыруға;".

10. 11-бапта:

- 1) мынадай редакциядағы үшінші абзацпен толықтырылсын:
"әдістемелік нұсқаулықтардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;";
- 2) үшінші абзацтағы "мемлекеттік статистикалық байқаулар" деген сөздер "жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 3) алтыншы абзацтағы "статистикалық есептілік" деген сөздер "статистикалық нысандар" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 4) сегізінші абзацтағы "қолданылып жүрген заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын; ", "сақтауға" деген сөзден кейін нұктелі үтір қойылып, "міндettі." деген сөз алып тасталсын;
- 5) мынадай редакциядағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:
"статистика саласында ғылыми-зерттеу әзірлемелерін ұйымдастыруға міндettі.".

11. 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Статистикалық қызмет жүргізетін мемлекеттік органдар
мен олардың аумақтық бөлімшелерінің құқықтары
мен міндettтері

Статистикалық қызмет жүргізетін мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде:

ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізуге;
ведомстволық статистикалық байқаулардың бағдарламаларын әзірлеуге;
жеке және заңды тұлғалардан статистикалық ақпарат алуға;
мемлекеттік органдардан орындағының функцияларына қарай оларда болатын ақпаратты статистикалық деректер түзу үшін алуға;

ұйымдарда бастапқы есеп пен статистикалық есептіліктің жолға қойылуын бақылауды жүзеге асыруға, өздері алған деректердің дұрыстығын тексеруге құқылы.

Статистикалық қызметті жүргізетін мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері:

уәкілетті органға әдістемелік нұсқаулықтардың орындалуы туралы мәліметтер беруге;

мемлекеттік және коммерциялық құпияларды, бастапқы статистикалық ақпараттың құпия болуын сақтау принципін ұстануға жүргізілетін статистикалық байқаулар бағдарламалары мен әдістемелік әзірлемелер жобаларын уәкілетті органның келісіүі мен бекітуіне табыс етуге міндettі.".

12. 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Жеке және занды тұлғалар құқықтарының кепілдіктері

Жеке және занды тұлғаларға бастапқы статистикалық ақпараттың құпия болуына жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік тізбелеріне, Статистикалық жұмыстар жоспарына қол жеткізуге болатындығына кепілдік беріледі. Бастапқы статистикалық ақпаратты тек қана ақпаратты берген жеке және занды тұлғалардың келісімімен немесе аты-жөнін көрсетпей таратуға болады.".

13. 14-бапта:

1) тақырыбындағы "және материалдық-техникалық қамтамасыз ету" деген сөздер алып тасталсын;

2) бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен статистиканы жетілдіру бағдарламаларына, Статистикалық жұмыс жоспарлары мен жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік нысандары тізбелеріне сәйкес мемлекеттік статистика органдары орындайтын статистикалық жұмыстар республикалық бюджеттен қаржыландырылады.";

3) екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын.

14. IV тараудың тақырыбындағы "Занды" деген сөз "Қазақстан

Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы зандарын" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика

саласындағы зандарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы зандарының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.".

16. Тараулардағы "I, II, III, IV" деген цифrlар тиісінше "1, 2, 3, 4" деген цифrlармен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК